

07880100 - Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)

Біліктілігі: Стандарттау жөніндегі техник

Оқу мерзімі: 11 сынып негізінде 1 ж. 10 ай

9 сынып негізінде 2 ж. 10 ай

Бейіндік пән атауы: Алгебра, Физика (9 сынып)

Алгебра және анализ бастамалары, Физика (11 сынып)

2. Ұқсас мамандықтар:

- ✓ сапа бойынша менеджер;
- ✓ метролог;
- ✓ зертханашы;
- ✓ сарапшы – аудитор;
- ✓ стандарттау бойынша технигі.

3. Кәсіптік қызметтік саласы: Қызмет көрсету

4. Мамандықтың біліктілігі.

- ✓ **Еңбек пәні бойынша кәсіптердің түрі:** осы мамандық бойынша пән түрі «Адам-адам» болып табылады, осыған байланысты қызығушылық, танып- білу, қызмет көрсету, әлеуметтік жүйелерді қайта құру, қоғамдық, шоғырлану талаптары, әр түрлі жастағы адамдар.
- ✓ **Кәсіптер түрінің белгісі бойынша мақсаттары:** іздестіру кәсібі
- ✓ **Кәсіптер еңбек белгісіне қарай:** мамандық, функционалдық еңбек құралдары, автоматтандырылған және автоматты жүйемен байланысты
- ✓ **Мамандық класы:** техник стандартшы мамандығының сипатамасына бір типті рәсімдерді орындау, берілген үлгіге сәйкес, барлық тағайындалған нормативтік нұсқауға сәйкес орындалады.

5. Мамандықтың сипаттамасы:

Қазіргі таңда сапа мәселесі барлық елдерде нарықтық экономиканың дамуына карамастан өзекті мәселе болып табылады.

Барлық дамыған елдерде стандарттау және метрология елдің дамуы мен өркендеуіне өз септігін тигізеді. Олардың көмегімен өндіріс орындарында сапа мәселесін және өндіріс тиімділігін арттырады. Стандарттау және метрология азаматтардың өмір сүру сапасына маңызды үлесін қосады. Метрологиядағы стандарттау және метрологиялық қызметте стандарттау өндіріс орындарының барлық салаларының дамуына үлесін тигізеді.

Сапа мәселесін шешуде негізгі мәселе практикалық тұрғыда қазіргі заманға сәйкес өнім сапасын басқару механизмін қолдана алатын бәсекеге қабілетті мамандар қажет.



e

6. Маманға қойылатын ерекше талаптар:

Нормативті құжаттарды дайындау жөнінде материалдар, стандарттарды енгізу және бекіту, шығарылатын өнімдер туралы конструктивті мәліметтер, салалық стандарттар, өнім мен қызметке сертификаттау шараларын жүргізу.

Стандарттау бойынша техник үшін маңызды кәсіптік міндетіне кіреді: коммуникабельділік;

- белгілер, символдар, құрылғыларға ерекше мән беру қабілеттілігі;
- техникалық дайындығы (компьютерде жұмыс істей білу).

7. Медициналық қарсы көрсетілімдер:

- ✓ жүрек тамырларының ауруы;
- ✓ жүйке жүйе аурулары;
- ✓ көру және есту қабілетінің төмендеуі.

8. Кәсіптік дайындыққа қойылатын талаптар:

Стандарттау бойынша технигі білу керек:

- стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы заңдар;
- нормативті құжаттарды қолдана білуі;
- нормативті құжаттарды дайындай білуі;
- сынамаларға іріктеу жүргізе білуге;
- өнімдерді органолептикалық бағалаудан өткізу.

Стандарттау бойынша техник білу керек:

- құжаттармен жұмыс жасай білуі;
- толтырылатын құжаттарды сараптауға;
- өнімге параметрлік талдау жүргізуге;
- аккредиттеу процесіне қатысу.



9. Қолданылу саласы:

Стандарттау бойынша технигі кәсіпорындарда, зауыттарда, өндірістік орындарда, арнайы сараптау және сертификаттау зертханаларында жұмыс істей алады.

10. Еңбек шарты:

Жұмыс барысында техник заманауи техникалық құралдарды және еңбек құралдарын, интернеті бар компьютерді қолданады. Жұмыс орны жарық болуы тиіс, желдетілуі тұрақты түрде болуы тиіс.

11. Кәсіптік қауіп:

е

Стандарттау бойынша техниктің жұмыс істеу жағдайы "отырып жұмыс істеу" болғандықтан, көп жағдайда арқа мен мойын ауыруларымен байланысты кәсіптік аурулар кездеседі.

12. Талап етілетін кәсіптік білімдер:

"Стандарттау бойынша техникі" мамандықты : 0601000 "Стандарттау, метрология және сертификаттау" (салалар бойынша) мамандығы бойынша кәсіптік білім алу қажет.

13. Мансаптық өсу:

Стандарттау техникінің мансаптық өсуі әр саланы меңгерумен байланысты, біліктілігін өсіру. (кәсіптік білімін үнемі жетілдіру, дамыту.)